



Қазақстанның ең қастерлі құндылығы – Ел тәуелсіздігі!
Н.Ә. Назарбаев

АР-НАМЫСЫМ, ҚАСІРЕТІМ, МАҚТАНЫШЫМ – ЖЕЛТОҚСАН

Жуырда ТҮРКСОЙ кафедрасының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 24 жылдығына арналған «Ар-намысым, қасіретім, мақтанышым – Желтоқсан» атты мәдени шара өтті. Шараға Түркия Республикасының Алматыдағы Бас консулының көмекшісі Алтай Алпер, Түркі әлемі мәдениеті қорының төрағасы Ахмет Дағдұран, КАТИАД-тың Бас хатшысы Ахмет Аяз, Евразия зерттеу институтының директоры Невзат Шимшек, Түрік-қазақ ерікті елшілер қоғамының төрайымы Хыфзие Өздеде Кавак және факультет оқытушылары мен студенттері қатысты.

Мәдени шараны факультет деканы, профессор Жұбатова Баян Нұрсұлтанқызы жүрекжарды тілегімен ашып, Желтоқсан оқиғасына шолу жасады. Қазақстан Республикасы өз Тәуелсіздігіне жетуде соқтықпалы-соқпақты жолдарды қалайша бағындырғанын, оның қазақ халқы үшін маңыздылығын ой елегінен өткізді. Елбасының Қазақстанның Тәуелсіздігі жолындағы ерен еңбегін атап өтті. Қазақстан мен Түркия арасындағы байланыстардың қыр-сырына үніліп, Түркия Республикасының бірінші болып Қазақстанның Тәуелсіздігін мойындағанын ыстық ықыласпен тілге тиек етті.

Жалғасы 4-бетте

МИРОВЫЕ СТАНДАРТЫ: ИНЖЕНЕРНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ

В КазНУ состоялось первое международное совещание Центрально-Азиатской федерации инженерных обществ «Система гарантии качества инженерного образования: аккредитация образовательных программ и сертификация инженерных кадров».

Совещание было организовано Казахстанским обществом инженерного образования (KazSEE) и КазНУ в рамках проекта Европейского союза ТЕМПУС QUEE-СА «Качество инженерного образования в Центральной Азии».

На совещании эксперты обсудили механизмы формирования системы гарантии качества в области инженерного образования, аккредитации образовательных программ, сертификации и повышения квалификации специалистов на основе международного опыта.

Продолжение на 3 стр.



Тәуелсіздік күні қарсаңында өткен кезекті ректорат отырысын бірінші проректор Мұхамбетқали Бүркітбаев құттықтау сөзбен ашты. «Тәуелсіздік – киелі де қасиетті ұғым. Тәуелсіздік жолында ата-баба рухы, асқақ арманы мен ар-намысы жатыр. Егемен ел атану үшін жан алысып, жан беріскен батырларымыздың арқасында бүгінгідей мерейлі күнге жеттік. Еліміздің қарыштап өркендеуі, халықтың әл-ауқатының көтерілуі мен ілгерлеуі – осы Тәуелсіздіктің жемісі деп білгейсіздер. Баршаңызды еліміздің басты мерекесі – Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын!» – дей келе, кезекті салтанатты марапаттауларға берді.

БАСТЫ БАЙЛЫҒЫМЫЗ – ТӘУЕЛСІЗДІК

Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында еліміздің Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бірқатар ҚазҰУ қызметкерлері мен жас ғалымдары ел білімі мен ғылымының дамуына қосқан елеулі үлесі мен белсенді қоғамдық қызметі үшін Мемлекеттік ғылыми стипендияларға ие болды. Атап айтсақ, философия және саясаттану факультетінің деканы Әлия Рымғазықызы Масалимова; қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының меңгерушісі Алуа Берікбайқызы Темірболат; физикалық химия, катализ және мұнай химиясы кафедрасының профессоры Қабболла Құсайынұлы Оспанов; іргелі математика кафедрасының профессоры Балтабек Есмағұлы Кангужин; археология, этнология және музеология кафедрасы меңгерушісінің ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі орынбасары Тәттігүл Ерсайынқызы Қартаева Мемлекеттік ғылыми стипендиялармен марапатталса, жас ғалымдарға берілетін шәкіртақыны – биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының аға оқытушысы Айгүл Базылбекқызы Ахметова; жалпы тіл білімі және еуропа тілдері

кафедрасы доцентінің м.а. Альбина Маратханқызы Досанова; плазма физикасы және компьютерлік физика кафедрасының оқытушысы Нүрия Хамитбекқызы Бастықова; теориялық және ядролық физика кафедрасы доцентінің м.а. Қуантай Авгазыұлы Бошқаев; Жанна Гажкенқызы Жакиянова; Тәжірибелі және теориялық физика ғылыми-зерттеу институты Жандос Абдыканұлы Молдабеков; заң факультеті деканының ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі орынбасары Ермек Талантұлы Нұрмағанбет; саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының аға оқытушысы Қадыржан Есенғалиұлы Смағұлов; кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасы меңгерушісінің оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары Назгүл Сабырқызы Тұяқбаева; халықаралық құқық кафедрасының аға оқытушысы Данила Владимирович Татарин; іргелі математика кафедрасының аға оқытушысы Нияз Есенжолұлы Токмағамбетов; химиялық физика және материалтану кафедрасының аға оқытушысы Тілеуберді Ербол иеленді.

Жалғасы 2-бетте

БҮГІНГІ САНДА:

ЖАС ҒАЛЫМДАР ҮЙІ



2-бет

ТИРЕГІМІЗ – ТӘУЕЛСІЗДІК



4-бет

ҚАЗҰУ СТУДЕНТТЕРІ – ЖЕҢІМПАЗ!



8-бет

ЖАС ҒАЛЫМДАР ҮЙІ

Бұл – Қазақстандағы магистранттар мен докторанттарға арналған алғашқы тұрғын үй кешені. Әлеуметтік маңызы бар нысанның құрылысына мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде инвестициялар тартылды.



Досжан Балабекұлы (фото)

«Біздің кешен өзге университеттерге үлгі боларлықтай. Себебі Қазақстандағы жоғары оқу орындарында мұндай тұрғын үй нысаны жоқ. Университет басшылығы жас ғалымдардың тұрғын үй мәселесіне үлкен көңіл бөледі. Ал ол өз кезегінде сапалы кәсіби маман дайындауда оң нәтиже беруде», – деді ашылу салтанатында ҚазҰУ-дың бірінші проректоры Мұхамбетқали Бүркітбаев.

Тұрғындардың қуанышында шек жоқ.

Енді олар коммерциялық баспана іздеп әуре болмайды, оның үстіне қаржыларын да біршама үнемдейтін болады. Экономикалық тұрақсыздық жағдайында бұл жастарды қолдауға бағытталған аукымды жоба. Сондай-ақ тұрғын үй кешені барлық заманауи талаптарға сай. ҚазҰУ магистранттары мен докторанттары бүгінде жайлы бөлмелерде қоныс тойын тойлауда. Әр қабатта толық жабдықталған ас бөлмесі мен кір

жуатын жай қарастырылған. Сонымен қатар, заманауи телекоммуникациялық жылдамдығы жоғары Wi-Fi желісі орнатылған, денсаулық сақтау пункті мен би және жаттығу залдары да жұмыс жасайды. Жас ғалымдар үйі қалашық аумағында ыңғайлы орналасқан және үйдің алдында балалар алаңқайы мен автотұрақ бар.

«Біз, жастарға, соның ішінде студент жастарға үлкен көңіл бөліп отырған мемлекетімізге, Президентімізге алғыс айтамыз. Жас ғалымдар үйі – біздің екінші үйіміз. Мұнда жайлы өмір сүруге арналған қажеттінің бәрі бар. Оның үстіне жемісті еңбек етуге де барлық жағдай жасалған», – дейді химия және химиялық технологиялар факультетінің докторанты Айнұр Иманғалиева.

Ғылыми жетекшілік жасап жүрген шетелдік профессорларды ҚазҰУ-да студенттерімен жұмыс барысында жиі кездестіруге болады. Жалпы аумағы 4,5 мың шаршы метр болатын 500 орынға шақталған жас ғалымдар үйінде профессорларға арналған бөлмелер де қарастырылған. Сол арқылы жастардың шығармашылық және ғылыми әлеуетін көтеруге септігін тигізетін ғылыми-зияткерлік орта қалыптасуда.

Бұл университет тарапынан мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде салынған жалғыз нысан емес. Өткен жылы жаңа кітапхана мен «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығының құрылысы аяқталған болатын. Келесі жылдың басында жүзу бассейні қолданысқа беріледі.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

■ ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Жуырда Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысымен ҚазҰУ жанындағы Эксперименттік және теориялық физика ғылыми-зерттеу ұйымының ғалымдар тобы «Плазманың кванттық және коллективтік қасиеттері: жаңа технологиялардың теориялық негіздері» атты зерттеу жұмыстары үшін Әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлықпен Марапатталды.

АВТОРЛАР ҰЖЫМЫ:

ФАБДУЛЛИН МАРАТБЕК ТӨЛЕПБЕРГЕНҰЛЫ

Эксперименттік және теориялық физика ҒЗИ-дің жетекші ғылыми қызметкері, физика-математика ғылымдарының кандидаты, PhD;

ЖҰМАҒҰЛОВА ҚАРЛЫҒАШ НҰРМАНҚЫЗЫ

Эксперименттік және теориялық физика ҒЗИ-дің бас ғылыми қызметкері, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор;

ДОСБОЛАЕВ МЕРЛАН ҚЫЛЫШҰЛЫ

Эксперименттік және теориялық физика ҒЗИ-дің жетекші ғылыми қызметкері, физика-математика ғылымдарының кандидаты;

КОДАНОВА САНДУҒАШ ҚҰЛМАҒАМБЕТҚЫЗЫ

Эксперименттік және теориялық физика ҒЗИ-дің жетекші ғылыми қызметкері, физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент;


ҚОЖАМҚҰЛОВ ТӨЛЕГЕН ӘБДИСАҒИҰЛЫ

Эксперименттік және теориялық физика ҒЗИ-дің бас ғылыми қызметкері, ҚР ҰҒА академигі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор;

РАМАЗАНОВ ТІЛЕКҚАБЫЛ СӘБИТҰЛЫ

Эксперименттік және теориялық физика ғылыми- зерттеу институтының бас ғылыми қызметкері, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор.

P.S. «Қазақ университеті» газетінің ұжымы марапат иелерін қара шаңырақтың оқытушы-профессорлар құрамы атынан шын жүректен құттықтап, еңбектеріне жеміс тілейді.



Жұлдыз ӘБІЛ

■ РЕКТОРАТ

Жалғасы. Басы 1-бетте

БАСТЫ БАЙЛЫҒЫМЫЗ — ТӘУЕЛСІЗДІК

Барша қуаныш иелерін жетістіктерімен құттықтай отырып, оқытушы-профессорлар қауымы «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға 80 жыл» медалімен марапатталған белсенді студенттердің қуанышына да куә болды. Сондай-ақ мәжілісте Ұлттық бірыңғай тестілеу және талапкерлерді кешенді тестілеу сияқты айтулы шараларға қатысып, кәсіби біліктіліктерімен өздеріне жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен атқарғандықтары үшін бірқатар қызметкерлерге Ұлттық тестілеу орталығының алғысхаттары және университеттің «Парасат» кәсіподағының бастамасымен оқу-қосымша қызметкерлер арасында өткен «Мамандығында үздік» байқауының жеңімпаздары марапатталды.

Ал күн тәртібіне көшкен тұста мінбеге Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры А.К. Хикметов көтерілді. Оның баяндамасы ағымдағы бақылаудың нәтижелері және 2015-2016 оқу жылының қысқы емтихан сессиясына дайындық шараларына арналды. «2015-2016 оқу жылындағы қысқы емтихан сессиясында 12867 студент бакалавр бойынша, 2786 магистрант және 277 докторант сынақ тапсырады. Атап айтқанда, бакалавр бойынша білім алушы студенттерге 4882 емтихан жазбаша түрде, ал қалған 230-ы тест түрінде өтеді. Өткен жылмен салыстырғанда биыл білім алушылардың РК2 қорытындысы тарих, археология және этнология, шығыстану, сонымен қатар журналистика факультетінде өсім



берсе, философия және саясаттану, заң, химия және химиялық технологиялар факультеттерінде бірқалыпты нәтиже көрсетіп отыр», – деді ол. Оның айтуынша, білім алушылардың білім сапасын тіркеуші кеңсе өз бақылауына алған. Емтихан нәтижесіне қанағаттанбаған студенттер үш күн ішінде апелляцияға бере алады. Пәндік апелляциялық комиссия құрамы факультет декандарымен бекітілген. «Мұның барлығы білім беру технологиясының тиімділігі мен сапасын арттыру мақсатында жасалынып отыр», – дейді Асқар Құсупбекұлы.

Сонымен қатар департамент директоры өз хабарламасында емтихан жайлы да толық ақпарат беріп өтті. «Жыл сайын емтихандардың әділ де таза өткізілуі үшін бейнебақылау жүйелері қойылатындығын ескерсек, оқытушылардың тарапынан

студенттерге шағым айтылмасы анық. Өйткені, дәрісханадағы кезекшілердің қырағы көздері мен бейнебақылау жүйесі «көшіріп жазар» студенттерге тосқауыл болады. Ал емтихан қорытындысы бойынша аз нәтиже көрсеткен студенттер үшін пәндерді қайта оқыту қысқы және жазғы демалыс кезінде жүзеге асады. Нақтырақ айтқанда, емтихан сессиясы бойынша 1-2 пәннен «F» бағасы бар, келесі курсқа ауысу үшін жеткіліксіз GPA (СПБ) бар, семестр ішінде пәндер бойынша білімдерін бір деңгейде көтере алмағандар мен пән бойынша аудиторлық сағатты көп жібергендер пәннің кредит санына сәйкес ақша төлеп, қайтадан оқитын болады», – деді ол.

Ученые КазНУ провели торжественное заседание в преддверии Дня Независимости Республики Казахстан

МИРОВЫЕ СТАНДАРТЫ: ИНЖЕНЕРНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ

Продолжение. Начало на 1 стр.

Следует отметить, что Европейский опыт гарантий качества в инженерном образовании представлен такой крупной сетью как ENAEE (Европейской сетью по обеспечению качества в инженерном образовании), объединяющей все Европейские аккредитационные Агентства в области инженерного образования. А область сертификации и признания квалификации передана общественно-профессиональным сообществам, объединенным сетью FEANI (Европейская федерация национальных инженерных обществ).

В 2015 году Казахстанское общество инженерного образования стало членом обеих сетей, что позволяет Казахстану иметь систему гарантии качества, интегрированную в Европейский союз. На данный момент в целях распространения данного опыта в Центрально-Азиатском регионе KazSEE при поддержке Европейских партнеров стал одним из инициаторов подписания в октябре текущего года Худжандского Соглашения о создании Центрально-Азиатской федерации обществ инженерного образования. Целью проекта является расширение пространства взаимного признания квалификации инженеров и укреплению институциональной системы аккредитации.

KazSEE в качестве члена FEANI имеет право предоставлять услуги по подтверждению профессиональной квалификации отечественным специалистам естественно-научной сферы, инжиниринга и технологий с получением европейского сертификата и включением в реестр Европейских инженеров (EurEng) и инженерной картой (Engineering Card). «Это дает возможность отечественным инженерным кадрам получить международное признание и свободно трудоустроиться в странах Европейского союза. Нужно сказать, что прозрачная система признания квалификации – это первый шаг к созданию общего рынка трудовых ресурсов и услуг», – отметил в своем выступлении ректор КазНУ Галым Мутанов.



Свое мнение высказал и Президент Ассоциации инженерного образования России Юрий Похолоков. «Профессионально-общественная аккредитация образовательных программ – основа качества инженерного образования. Аккредитация образовательных программ позволяет получить независимую оценку качества образовательных программ и подготовки специалистов, публично заявить о высоком уровне качества подготовки специалистов, обеспечить и улучшить трудоустройство выпускников», – отметил эксперт.

В рамках совещания были определены основные направления деятельности федерации в свете интеграции Центрально-Азиатского региона в Европейское пространство, обеспечения качества и создания единой системы аккредитации и сертификации в рамках реализации стратегических задач Стратегии «Казахстан-2050», ГПИИР-2

и Программы по развитию сферы услуг в РК.

Мероприятие стало уникальной площадкой для обсуждения вопросов по повышению качества инженерного образования в соответствии с европейскими стандартами и требованиям работодателей. Заместитель председателя Правления союза машиностроителей Казахстана Темирлан Алтаев в своем докладе «Междисциплинарные компетенции инженера» отметил тенденцию роста требований работодателей к уровню подготовки выпускников вузов в последнее время. «Недостаток действующих образовательных программ заключается в том, что выпускники вузов не готовы к профессиональной деятельности. Поэтому необходимо активное взаимодействие вузовского сообщества и работодателей при разработке профессиональных стандартов и образовательных программ», – подчеркнул он.

Первое совещание федерации является основным мероприятием, направленным на создание унифицированной системы в области обеспечения качества инженерного образования в Центрально-Азиатском регионе. А резолюция, принятая по итогам совещания, призывает участников федерации выйти к профильным министерствам стран региона с предложением инициирования разработки и принятия Закона «Об инженерной деятельности» на основе опыта Европейских стран для создания законодательно правовой базы. Эти решения будут способствовать достижению стратегических целей развития образования и науки.

В совещании приняли участие партнеры по проекту из стран Центральной Азии, Европейского Союза: Флорентийский университет, Ассоциация инженерного образования России (АИОР), Международная федерация обществ инженерного образования (IF-EES), а также представители министерств образования и науки, здравоохранения и социального развития РК, работодатели и другие гости.

ПРЕСС-СЛУЖБА

■ ҚЫСҚА-НҰСҚА

Жақында Жастар ұйымдары комитеті мен Жастар ұйымдарымен жұмыс жөніндегі бөлім бірлесіп кеңейтілген жиылыс өткізді.

Жастар ұйымдарымен жұмыс жөніндегі бөлім бастығы А. Әскеров сөз бастап, студенттерді күн тәртібіндегі негізгі сұрақтармен таныстырып өтті. Олардың ең бастысы – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған жолдауы болды. «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: «өсу, реформалар, даму» деп аталатын Жолдауда көтерілген негізгі мәселелер жөнінде Жастар ұйымдарымен жұмыс жөніндегі бөлім маманы Дәметкен Абдуллаева баяндама оқыды. Белсенді жастарда жолдауға қатысты өз ойларын ортаға салып, алға қойған жоспарларымен бөлісті.

Жастар ұйымдарымен жұмыс жөніндегі бөлім

Тәуелсіздік күніне орай ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасы «Жас шеберлер» көрмесі мен жәрмеңкесін ұйымдастырды.

Шара барысында 14-топ тыңдаушысы Қабыл Аянның көрмеге қойылған қыл қаламмен салған туындылары көпшіліктің қызығушылығын тудырса, 11-топ тыңдаушылары Пымың Тұмаргүл мен Пазылбек Розаның жәрмеңкеге шығарылған қолөнер бұйымдары тез арада сатылып өтті. Түскен қаражатқа өнімге қажетті материалдар алынып, шебер студенттерге жалақы ретінде үлестіріліп берілді. «Жастарымыз ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді менгергенде ғана жалпы адамзаттық мұраларды игеріп, дүниеге көзқарасы дұрыс қалыптасады», – дейді ұйымдастырушылар.

**М.Н. ИБРАГИМОВА,
Қ.Р. ЕМБЕРГЕНОВА**

Халықаралық қатынастар факультетінде «ҚазҰУ студенті оқуы тиіс 100 кітап» жобасы аясында халықаралық қатынастар факультетінің «Жас дипломаттар» зияткерлік клубы мен философия және саясаттану факультетінің «Кіші Фараби академиясы» бірлесе отырып эл-Фарабидің «Бақытқа жету жолы» атты трактатын талқылауға арналған дөңгелек үстел ұйымдастырды.

Шара барысында студенттер қызу талқылаулар жасай отырып, өз ойларын ортаға салды. Атап айтсақ, философия және саясаттану факультетінің 2-курс студенттері Айым Мейрамбекова мен Назерке Спатай бақытқа жету үшін ең алдымен, дұрыс жағымды ойлау керектігін, Эл-Фарабидың «бақыт дегеніміз игіліктердің ішіндегі ең қадірлісі, ең үлкені және ең жетілгені» деген ойларына қатысты өз пікірлерін білдірді. Ал халықаралық қатынастар факультетінің 2-курс студенттері Мерей Назарова, Айнұр Баймағамбетова мен Акерке Садембай бақытқа жету жолындағы ойшылдық, этикалық ізгіліктерге, тәлім мен тәрбиенің маңыздылығына ерекше тоқталды.

**П.М. СУЛЕЙМЕНОВ
Б.З. БЮЖЕЕВА**

Таяуда «Саламатты дене мәдениеті» жобасы аясында №4 Студенттер үйінде география және табиғатты пайдалану факультетінің студенттері арасында кафедрааралық «Үздік теннисші – 2015» ойыны өтті.

Ойынды ұйымдастырудағы негізгі мақсат – салауатты өмір салтын насихаттау, азаматтарды дене тәрбиесі және спортпен жүйелі түрде айналысуға ынталандыру. Аталған спорттық іс-шараға, факультет ұстаздары мен студенттері қатысып, ойыншыларға баға берді. Әр кафедраның үздік ойыншылары іріктеліп, жарыста бақ сынады.

**Т.Б. КЕМЕЛБЕК,
3-курс студенті**

Шетелдік студенттер ҚР Президентінің халыққа Жолдауын талқылады

АР-НАМЫСЫМ, ҚАСІРЕТІМ, МАҚТАНЫШЫМ - ЖЕЛТОҚСАН

Жалғасы. Басы 1-бетте



Шараға қатысқан Түркия Республикасының Алматыдағы Бас консулының көмекшісі Алтай Алпер де қазақ-түрік достығының мызғамас бірлігіне шүкіршілік етіп, бауырлас халықтардың тәуелсіз ел ретінде әлі де бағындырар асулары бар екендігін қуанышпен жеткізді. Түркия Қазақстанды саяси-экономикалық тұрғыда да, әлеуметтік-мәдени бағытта да қолдайтындығын, бауыр ретінде оның тоқтаусыз өсуіне қолдан келгенше көмектесетінін ерекше атап өтті. Шақырылған қонақтардың барлығы да Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне деген ізгі тілектерін білдірді.

Мәдени шараны ұйымдастыруға Түрксой кафедрасының студенттері белсенді түрде атсалысты. Желтоқсан

оқиғасы туралы «Желтоқсан ызғырығы» атты слайд әркімнің көзіне жас үйіртсе, 3-курс студенттерінің орындауындағы «Желтоқсан желі» әні әркімнің жүрегін сыздапты. 1-курс студенттері дайындаған Желтоқсан оқиғасының құрбаны – Қайрат Рысқұлбековтің түрмеде көрген теперішін бейнелейтін қойылым денені түршіктіріп жіберді. Әсіресе, Қайраттың рөліндегі 1-курс студенті Алдияр Байғара мен жендет рөліндегі Дәулет Тохпулатовтың өз образдарын беріле сомдауына, таланттарына көпшілік тәнті болды.

Сондай-ақ, қазақ-түрік байланыстарының анық көрінісі іспеттес Мағжан Жұмабаевтың «Алыстағы бауырыма» атты өлеңін 4-курс студенті Бекен Құралай нақышына келтіріп

оқыса, студенттер оның бір ғасырдан соң жазылған жауабын түрік тілінде оқыды. 3-курс студенттері оқыған Отан, Тәуелсіздік туралы жалынды жырлар кез келген тыңдарманның патриоттық сезімін оятқаны анық. Ал «Көк тудың желбірегені», «Беним мемлекетим» әндері көпшіліктің көңілінен шыққаны рас. Қазақ биі мен түріктің халай биіне де көрермен дән риза болды. Мәдени шара «Атамекен» әнімен өз мәрсесіне жетті. Қорытынды сөзді Түрксой кафедрасының меңгерушісі, доцент Тұрғанбаев Асқар Әбдуәліұлы алып, Желтоқсан оқиғасының жаңғырықтарын бір тізбектеп өтті. Өйткені, Асқар мырзаның өзі сол оқиғаның тікелей қатысушысы еді. Мәдени шара ұйымдастырушыларына алғыс білдіре отырып, жүргізушілер – 4-курс студенті Тәңір Сармашева мен 1-курс студенті Әлібек Оразалиевтің қабілеттеріне жоғары баға берді.

Мәдени кеш қонақтар мен қатысушылардың көңілін бір желпіндіріп тастады. Мерекелік шара шығыстану факультетінің Студенттер үйінде жалғасын табатын болды.

Ж.Ә. ӘБЕЛДАЕВ,
Түрксой кафедрасының
куратор-әдвайзері
Нұрай ГҮНЕШ,
Юнус Әмре институтының
аға оқытушысы

ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІ ТҰҒЫРЛЫ БОЛҒАЙ!

Биология және биотехнология факультетінде биотехнология кафедрасының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне арналған «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік!» тақырыбында мерекелік іс-шара өтті. Мерекеге Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің ұстаздары арнайы қонақ ретінде қатысты.

Мерекелік іс-шараның мақсаты – ата-бабаларымыз ғасырлар бойы армандап өткен, аңсаған тәуелсіздігіміздің мазмұнына тереңінен тоқталу, тәуелсіздік алып келген ұлттық құндылықтарды өскелең ұрпаққа насихаттау, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының маңызына тоқталу, халқы үшін, жері үшін құрбан болған батырлардың ерлігін дәріптеу.

Шараны биология және биотехнология факультетінің деканы, б.ғ.д., профессор Б.К. Заядан ашып, жиналған қауымды Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күнімен құттықтады. Жана ғасырда қайта түлеген, жасарып, түрленген еліміздің тәуелсіздігінің тұғырлы болуын тілеп, жүрек жарды ыстық лебізін жеткізді. Өз кезегінде сөз алған өзге де оқытушылар Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың ұсынып отырған сындарлы саясатының басым бағытының бірі жас толқынның бойына мемлекетшіл сананы қалыптастыру үшін болашаққа, яғни жастарға сену керектігін тілге тиек ете отырып, заман талабына сай инновациялық технологияларды жасау және дамыту бағытында аянбай еңбек ету мәселесін қозғады. Осы ретте бірқатар студенттер, атап өтсек, А. Жүсіп, Т. Мадилова, А. Үмбетай, Д. Акимов, Ж. Масалимов, А. Жакен, Ж. Бақытжан, С. Дариева қазақ және ағылшын тілдерінде экология және биотехнология салалары бағытында өздерінің ғылыми зерттеу жұмыстары бойынша алынған нәтижелері мен жетістіктері туралы баяндамалар жасап, көпшіліктің талқысына салды. Мерекелік іс-шара сонында ерекше белсенділік танытқан студенттер мақтау қағаздарымен марапатталды.

Еліміздің тәуелсіз ел болу мәртебесін көру – бүгінгі ұрпаққа бұйырған зор бақыт, осы қуанышымыз құтты, бақытымыз баянды, еліміздің тәуелсіздігі тұғырлы болғай!

С.Ш. АСРАНДИНА,
биотехнология кафедрасының доценті;
С.Д. АТАБАЕВА,
биотехнология кафедрасының профессоры

БІЗ - АЗАТ ЕЛДІҢ ЖАСТАРЫМЫЗ!

Тәуелсіздік күні қарсаңында №14 Студенттер үйінде халықаралық қатынастар факультеті дипломатиялық аударма кафедрасының оқытушылары мен МО51К тобының студенттерінің қатысуымен «Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз!» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.

Тәуелсіздік біз үшін өте қымбат. Тәуелсіздігіміз ұмытқан тарихымызды, ана тілімізді, дінімізді, ділімізді тірілтіп, қазақ деген ұлтты қайтадан жандандырды. Осы азат күн үшін ата-бабамыз, әпке-ағаларымыз қыршынынан қиылып, қаншама көз жасы төгілді. Сәбира, Ляззат, Қайрат сияқты жаужүрек батырларымыз Тәуелсіз мемлекет болуымыз үшін қайтадан бас көтерді. Осындай азаматтарымыздың арқасында 1991 жылы 16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні болып жарияланды.

Тәуелсіздігімізді ұлықтаған бұл іс-шара өте жоғары деңгейде өтті. Студенттер жүрекжарды өлеңін арнап, Желтоқсан оқиғасына байланысты көрініс қойды. Сондай-ақ жастар ерекше сезіммен «Желтоқсан желі» әні шырқады.

Бұл күн бізге онайлықпен келген жок. Міне, бүгінгі күні, біздер, жастар бақытты елде өмір сүріп жатырмыз деп толық сеніммен айта аламыз. Себебі, біз – азат елдің жастарымыз. «Отан үшін отқа түс, күймейсін» деген халық сөзін берік ұстанамыз. Отан үшін өмірін қиған жандардың есімдері халық жүрегінде әрқашан сақтаулы.

Халықаралық қатынастар факультетінің 51К тобының студенттері;
Жетекшілері – аға оқытушы
М.Т. ДЖАМАЛДИНОВА

ТІРЕГІМІЗ – ТӘУЕЛСІЗДІК



Тәуелсіздік күні қарсаңында жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде колледж ұстаздарының ұйымдастыруымен «Бір кезде сел боп аққан қызыл қаннан қалған, Өмір үшін қалған бір тамшыларымыз» атты әдеби-музыкалық кеш өтті.

Өз жеріне, еліне деген сүйіспеншілігі зор патриот жастарды тәрбиелеуге бағытталған шараны ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің деканы Ж.Е. Жаппасов пен колледж директоры Р.О. Нұрқанова ашып, колледждің білім алушылары мен ұстаздар ұжымын Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

Кеш қазақ халқының ұлттық намысын, бостандығын қорғау жолында өткен аса елеулі үш кезең төңірегінде өтті. Біріншісі – Шыңғыс хан түмендеріне тойтарыс берген Отырар қаһармандығы. Сол кезеңдегі ержүрек, қайсар қазақ батырларының Шыңғыс хан түмендеріне тойтарыс берген қаһармандығы көрініс арқылы суреттелді. Екінші кезең – ғасырдың орта шеніндегі

Жоңғар шапқыншылығына қарсы ұлы жойқын күресіміз. Бұл кезеңде Әз Тәуке бозторғай жұмыртқалаған мамыражай заман орнатқаны, алайда ол биліктен кеткен соң халқымыздың береке-бірлігі әлсіреп, жүзге бөлінгені белгілі. Қазақ хандығының осы осалдығын оңтайлы пайдаланған жоңғарлардың ел тарихында «Ақтабан шұбырынды», «Алқа көл сұлама» деген атпен енген қайғысы суреттелді. Үшінші кезеңде бүгінгі дәуірдегі өршіл, қайсар мінезімен өзіне жалпақ әлемнің назарын бұрған – Желтоқсан оқиғасы жайлы айтылады. Халқының азат болашағы үшін жанын шүберекке түйіп, алапат күшке қарсы шыққан мыңдаған бейбіт қарусыз жастардың ерлігі атап өтілді. Әрі қарай, ата-бабамыз бойтұмардай сақтап, қадірлеген елі мен жерін бүгінгі күнге жеткізіп, бабалар аманатына дақ түсірмей жалғастырып, еліміздің тәуелсіз мемлекет болып қалыптасуының іргетасын қалаған ұлт перзенті – Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың ерен еңбегі жайлы

айтылды.

Кешсоңында Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты быылғы жолдауынан үзінді көрсетілді. Н.Ә. Назарбаевтың: «Рухы биік, еңбегі ерен, бірлігі мығым Мәңгілік Ел болу үшін бізде бәрі бар. Тәуелсіздіктің туын желбіретіп, тұғырын нығайтқан біздің тарих алдында жүзіміз жарқын! Біздің тірегіміз – тәуелсіздік, тілегіміз – тұрақтылық, білегіміз – бірлік! Мен халқыма, жастарға сенемін. Көк байрағымыздағы алтын қырандай еліміз канатын кеңге жайып, асқар биіктерден көрінсін! Барды бағалап, жоқты жасай білген жасампаз жұртымыздың көк байрағы әрдайым биікте желбіресін! Алға Қазақстан!» деген үндеуін колледж білім алушылары мен ұстаздары орындарынан тұрып, ерекше қабылдады.

М.А. КЕНЕБАЕВА,
колледждің ардагер ұстазы
ҚР Білім беру ісінің үздігі

ТҰРСЫН ХАН



Тұрсын хан – 1613/14-1626/27 жылдардағы қазақ ханы. Оның толық есімі – Тұрсын Мұхаммед. Әкесінің есімі – Жалым сұлтан (Жалмұхаммед болуы да мүмкін). XVI ғасырдың 70-80 жылдарындағы оқиғаларды баяндайтын кейбір жазба деректерде Жалым сұлтанның есімі Хақназар ханмен, Шығай сұлтанмен қатар кездесіп отырады. Соған қарағанда, ол осы жылдары қазақ қоғамындағы ең беделді 2-3 тұлғаның бірі болған. 1580 жылы сәуір айында Жалым сұлтан, оның екі ұлы және Хақназар ханның екі ұлы Шарап хана деген жерде Баба сұлтанның қолынан қаза табады. Ал Жалым сұлтанның кімнен тарайтындығы әлі күнге дейін белгісіз. Бір кітаптарда оны Шығай ханның ұлы деп жазса, ал екінші бір кітаптарда ол Қасым ханның ұлы делінеді. Анығы сол, ол – Жәнібек ханның тоғыз ұлының біреуінен тарайды. Болашақта нақты деректер табылып жатса, оның әкесінің есімі анықтала жатар.

1598 жылғы Тәуекел ханның Мәуереннахрға жорығынан кейін Қазақ хандығы мен аштарханилық әулет арасында жасалған келісім бойынша Сырдың орта ағысы бойындағы қалалардың бәрі және Ташкент қаласы мен аймағы қазақтардың қолына өтеді. Жалым сұлтанның ұлы Тұрсын сұлтан Ташкенттің билеушісі болып тағайындалады. Мәуереннахрдағы аштарханилық әулеттің үшінші ханы Имамқұли хан (1611-1642 ж.ж.) сол жылдардағы қуатты Қазақ хандығын әлсірету үшін оған қарсы

іштен іріту тәсілін қолданады, басқаша айтқанда, Түркістандағы Есім ханға қарсы Ташкенттегі Тұрсын сұлтанды айдап салады. Ол үшін, алдымен, Тұрсын сұлтанға қолдау көрсетіп, оны хан деп мойындауы қажет болады. 1613/14 жылы Имамқұли ханның ойы жүзеге асады. Хан лауазымын иеленген Тұрсын өз атынан ақша соқтырып, Ташкент аймағының тұрғындарынан баж салығы мен хараж салығын жинай бастайды. Ақыры оның бұл әрекеттері Есім хан екеуі арасындағы текетіреске алып келеді. Есім хан 1616 жылы амалсыздан Шығыс Түркістан жаққа кетуге мәжбүр болады. Осылайша, Тұрсын хан Қазақ хандығының жеке-дара билеушісіне айналады.

Зерттеушілер Тұрсын ханды өте қатал, атакқұмар және айлакер адам деп бағалайды. Ол қажет кезде 100 мыңға дейін

әскер шығара алатын болған. Көршілес елдердің билеушілері одан қатты сескеніп тұратын болыпты. Әбден күшейіп алған Тұрсын хан өзін билікке әкелген Имамқұли ханға қарсы шыға бастайды. 1623 жылы ол Бұхара ханының әскерін Мәуереннахрда жеңіліске ұшыратады. Бұл жорыққа Шығыс Түркістанда жүрген Есім хан шақырылып, қатыстырылады. Соған қарағанда, Имамқұли ханға қарсы күресу үшін Тұрсын хан Есім ханмен арадағы қатынасын жөндемек болған сияқты. Есім ханға Түркістан қаласы қайтарылып беріледі. Бірақ Тұрсын ханның Есім ханға

деген жылы көзқарасы ұзаққа созылмай, бірден салқындай бастайды. 1625 жылы болашақ Хиуа ханы әрі тарихшы Әбілғазы Түркістандағы Есім ханға келгені жөнінде былай дейді: «Түркістанда Есім хан қасында үш ай тұрдым. Ол уақытта қазақтың ханы Тұрсын хан еді, ол Ташкентте тұратын еді, Түркістанға келді. Есім хан оны көре барды, мені есік алдына қойып, өзі барып Тұрсын ханға көрініс қылып, қайтып келіп, менің қолымнан жетектеп алып барды. Тұрсын ханға: «Бұл – Йадгар хан ұлы Әбілғазы, еш уақытта бізге бұл жамағаттан кісі келіп қонақ болған жоқ еді, бізден барғандар көп болар, бұл Сіздің қызметіңізде болғаны жақсы», – деді. Тұрсын хан: «Жақсы, сенің айтқаның болсын» деп өзімен бірге Ташкентке алып кетті. Ташкентте Тұрсын хан қасында екі жыл тұрдым. Екі жылдан соң Есім хан Тұрсын ханды өлтірді».

Есім хан туралы баяндағанымызда оның Тұрсын ханды қалай өлтіргені туралы айтып өткендіктен, оны бұл жерде қайталап жатпаймыз.

Жазба деректерде Тұрсын ханның үш ұлы болғандығы айтылады. Олар – Мұхаммед сұлтан, Шахсейіт сұлтан және Бақы сұлтан. Бұл ұлдардың өздері де, кейіннен олардың ұрпақтары да қазақ тағын иеленген емес.

Б.Б. КӘРІБАЕВ,

*ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,
профессор, тарих ғылымдарының докторы*

Әр бабам салған дара жол

Қазақ! «Қазақ» сөзі қайдан шыққан және қандай мағына береді? ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасында тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, Қазақ хандығын зерттеуші ғалым Берекет Кәрібаевпен өткен кездесу дәл осындай сұрақпен басталды.

Еліміз биыл алты құрлыққа жар салып, хандығымыздың 550 жылдығын тойлап жатыр. Соған орай ел-елде, жер-жерде дүбірлі тойлар өтіп, атаулы мереке бар сән-салтанатымен аталып өтілуде. Ойсыз адамға той дегеніміз – көңіл көтеру болса, есті адамға ескіні жанартып, жананы жариялау, жас ұрпаққа үлгі ету. Осы орайда зерттеушімен кездесуді Қазақ хандығының құрылу тарихынан бастауды жөн көрдік. Соның ішінде тыңдаушыларды ғалымның ғылыми еңбектерімен таныстырып өтіп, сөз кезегін қонаққа бердік. Ол алғашқы сөзін «Тәуелсіздігіміз мәңгілік болғай!» деген лебізбен бастап, сан ғасырды алып жатқан шежіреге толы тарихымыз жайында қысқаша әңгімелеп өтті.

Тарихты кітаптан оқу, танып білу бір басқа, ал оны сол саланың маманы, бар ғұмырын соған арнаған, тарихты жанымен сезіне алатын адамның өз аузынан есту – ерекше сезімге бөлейді екен. Сөз барысында Берекет Бақытжанұлы І. Есенберлиннің күнделігіндегі бір ойын былай жеткізді: «Ағаш биікке бой көтеріп өскен сайын, тамыры да тереңге жайылып, түбі берік бола бастайды». Бұл сөзді Берекет Кәрібаев одан әрі өз сөзімен жалғап, «Мемлекет те жасампаздықпен алға ұмтылған сайын оның да тұғыры бекіп, тамыры да нығая түседі» деді. Өткенімізге көз жүгіртпей, болашағымызды болжау мүмкін емес. Әңгіме барысында тарих сахнасында қазақ халқының алар орны,

бабаларымыздың болашақ алдында, жас ұрпақ алдында атқарған ерен еңбегі, ел болып қалу жолындағы жанкешті оқиғалары баяндалып өтілді. Кездесуге жиналған топ тыңдаушылары тарихтың жұмбақ тұстарынан сұрақтар қойып, тұшымды жауап алды. Кездесуіміздің соңы өнерлі қандастарымыздың өсем әңкімен қорытындыланды.

Тарих туралы сөз қозғалса, кеудемді шаттық пен мақтаныш кернейді. Тарих – менің өр бабамның салған дара жолы. Ол – шындық, ол – ақиқат. Оны ешкім бұрмалап, ешкім де шүбә келтіре алмайды. Біз, Қазақ бүгін немесе кеше тарих сахнасына келе салған ел емеспіз. Біз – тарихы тереңге жайылған, өткенге есе бермей, бүгінге жақсының сарқыншағындай болып жеткен елміз. Тереңнен тамыр алған біз болашақта бойымызды биікке көтеріп, жапырағымызды жайқалта жайып, мәуелі бәйтерекке айналуымыз керек. Ақ білектің күшімен, алмас найзаның ұшымен бізге жеткізген бабалар аманатын аялап, өткенді болашаққа жалғау – бізге жүктелген міндет. Білекке сенген заманда бабамыз ешкімге дес бермеген, білімге сенген заманда қапы калмайық, Ұлы даланың ұландары!

А.К. БЕГАЛИЕВА,

*ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушысы
Ж.А. АРҚАБАЕВ,
15-топ тыңдаушысы*

Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында филология және әлем тілдері факультеті, қазақ тіл білімі кафедрасы Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған «Тарихы терең – тәуелсіз ел!» атты республикалық жыр мүшәйрасын өткізді. «Айналады нұрландыр» жобасы аясында ұйымдастырылған азаматтық-патриоттық тақырыптағы жыр мүшәйрасына Қазақстанның әр өңірінен жас ақындар қатысты.

ҰЛТ ТАРИХЫН ҰЛЫҚТАҒАН МҮШӘҰИРА

Мүшәйра ҚР Өнұранымен ашылып, «Қазыбектің жоңғар ханын жеңуі» атты сахналық қойылыммен жалғасын тапты. Қазақ тарихын дәріптейтін слайдтар мен видео роликтер де көрсетіліп, көпшілік көңілінен шығып жатты. Сынға түскен жастарға университетіміздің тәрбие жұмысы жөніндегі департаменті қызметкері, жас ақын Ақан Марғұлан, Ұлт.kz порталының редакторы, Шабыт фестивалінің лауреаты, жас ақын Талап Шерхан және Ұлт.kz порталының тілшісі, Шабыт фестивалінің лауреаты, ақын Айбол Исламғалиев қазылық етіп, бағаларын берді.


Мүшәйраның бас жүлдесіне – «Қазақ тіл білімі кафедрасының шәкіртақысы» тағайындалды. Жарыстың бас жүлдесін ҚазҰУ-дың филология және әлем тілдері факультетінің 3-курс студенті Жандарбек Жұмағұлов жеңіп алды. 1-орынды ҚазҰУ-дың филология және әлем тілдері факультетінің 1-курс студенті Еділбек Дүйсенов иеленсе, 2-орын – ҚазҰУ-дың филология және әлем тілдері факультетінің 4-курс студенті Сәуле Нысанбек пен Алматы қаласы Шет тілдер іскери карьера университетінің 2-курс студенті Мұратбек Жақсылыққа бұйырды. Ал 3-орынға ҚазҰУ-дың филология және әлем тілдері факультетінің 2-курс студенті Саягүл Бірлесбек, Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің 2-курс студенті Тимур Қанжаралы және Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің 2-курс студенті Күләш Нысанбек лайықты деп танылды.

Сондай-ақ жыр мүшәйрасына қатысқан Альвира Иса – «Сөзге шебер ақын», Аружан Мұханбетқали – «Ұлтжанды ақын», Жансая Сман – «Жыр жанашыры», Ұлжалғас Абдуразақова – «Жыр жанашыры» номинацияларымен марапатталды.

Қазақ тіл білімі кафедрасының оқытушылары – Ж. Саткенова, Л. Әлімтаева, Т. Меркібаев

ҚазҰУ-да Орталық Азиядағы инженерлік қоғам федерациясының бірінші халықаралық кеңесі өтті

Өнегелі өмір иесі



Шығыстану факультеті, Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы, ирантану бөлімі «Гүлістан» үйірмесінің ұйымдастыруымен «Өнегелі өмір» сериясымен жарық көрген ҚР Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар академиясының және Жоғары мектеп Ғылым академиясының академигі, Қазақстан Жазушылар одағы мен ҚР Журналистер одағының мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор, шығыстанушы, ақын, жазушы, педагог-ғалым **Өтеген Күмісбаевтың** өмірі мен шығармашылығына арналған кітаптың тұсаукесер рәсімі өтті.

Кеш қонағы филология ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры Бауыржан Жақып Ө.Күмісбаевтың ұзақ жылғы қажырлы еңбегінің ескеріліп, Мемлекетіміз тарапынан «Құрмет» ордені берілгендігін айтып, сүйінші сұрады. Сондай-ақ кешке филология ғылымдарының докторы, профессор, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Бас ғылыми қызметкері Айгүл Ісімакова, филология ғылымдарының докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры Темірхан ТЕБЕГЕНОВ, филология ғылымдарының докторы, Сүлеймен Демирел атындағы университеттің профессоры Ислам Жеменей, филология ғылымдарының докторы, профессор, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Бас ғылыми қызметкері Гүлжаһан Орда, PhD, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының ғалым хатшысы Болатбек Батырхан қатысып, Өтеген Күмісбаевтың шәкірт тәрбиелеудегі ұстаздық қыры мен қазақ әдебиеттану ғылымына қосқан үлесі туралы өз пікірлерін ортаға салды.

Өмірі өнегеге айналған педагог-ғалым Өтеген Күмісбаев университет басшылығы мен кітапты шығарушыларға өз алғысын білдірді. Тұсаукесер соңында шығыстану факультетінің 3-4 курс студенттері Өтеген Күмісбаевтың парсының классик шайырларынан жасаған аудармаларынан үзінділер оқыды.

Т. ҚЫДЫР,

«Гүлістан» үйірмесінің жетекшісі

Отмечены лучшие

Накануне Дня Независимости РК локальный профсоюз «Парасат» работников КазНУ подвел итоги конкурса «Лучший по профессии» среди сотрудников университета.



Торжественное собрание открыл председатель профсоюза Т. Мекебаев. Он рассказал собравшимся о том, что конкурс «Лучший по профессии» в третий раз проводился с целью выявления лучших работников КазНУ из числа вспомогательного персонала. «Мы регулярно отмечаем активных преподавателей, а другие категории работников оказываются незаслуженно забытыми. Профсоюзом было решено отмечать и их достойную работу», — сказал Талгат Кумаргалиевич.

Первый проректор КазНУ М. Буркитбаев в своем приветственном слове подчеркнул, что понятие «рейтинг» сегодня в университете становится главным при оценке результатов труда и отметил важность конкурса именно среди учебно-вспомогательного персонала — людей,

без которых невозможно представить себе учебный процесс.

При определении победителей учитывались следующие критерии: стаж работы в университете, безукоризненное выполнение профессиональных обязанностей, участие в общественной жизни университета и подразделения, активная профсоюзная деятельность, участие в мероприятиях, проводимых профсоюзом «Парасат» и профбюро подразделений. Призами и Почетными грамотами были награждены сто два работника, а лучшие специалисты факультетов — Дипломами ректора университета.

Проректор по социальному развитию Шолпан Джаманбалаева, поздравляя победителей и пожелав всем дальнейших успехов, отметила, что у конкурса «женское лицо»,

Одной из инноваций, инициированной ректором КазНУ Г. М. Мутановым, является выпуск серий книг «Өнегелі өмір», посвященных ученым, достигшим больших успехов в области исследования.

СЛОВО О МАТЕМАТИКЕ



Радостным событием для математиков Казахстана, России и других стран является издание книги «Өнегелі өмір» о жизни и деятельности академика НАН РК Н. К. Блиева. История успеха, полностью освещенная в данной книге, является примером для молодежи страны. В книге отражены исторические факты жизнедеятельности ученого, фотографии разных лет, письма ученых из разных стран, интервью и отрывки из статей. Особое место в ней занимают теплые пожелания членов семьи и его учеников.

В книге приведены его научные интересы, охватывающие дифференциальные уравнения эллиптического типа, теорию функций и функциональный анализ на русском и английском языках. Приведены основные результаты о необходимом и достаточном условии существования аналитических решений у одной вырождающейся системы, функциональных свойствах одного интегрального оператора, а также об одном классе эллиптических систем дифференциальных уравнений первого порядка; уравнениях с частными производными, обобщенными в смысле

И.Н. Векуа; аналитических функций и краевых задач в дробных пространствах; произведениях функций из пространств Никольского-Бесова, опубликованных в рецензируемых журналах как «Известия АН КазССР», «Доклады АН СССР», «Дифференциальные уравнения». Кроме того, приведены основные результаты исследований, опубликованные в международных рецензируемых журналах Complex Variables and Elliptic Equations, Siberian Mathematical Journal и др. Полученные результаты широко используются для дальнейших исследований в области математики, особенно для непрерывных краевых задач. Свидетельством этому является издание его монографии на английском языке: Blied N. "Generalized analytic functions in fractional spaces", USA, Addison Wesley, Longman Inc. 1997.

Несомненно, такая бесценная книга всегда найдет читателя и будет наследием для подрастающего поколения.

Жанат ЖУНУСОВА,

профессор кафедры дифференциальных уравнений и теорий управления

так как победители в основном — представительницы прекрасного пола.

Председатель профсоюза «Парасат» работников университета Т. К. Мекебаев считает, что конкурс «Лучший по профессии» нужно проводить регулярно, вовлекая в него как можно больше участников.

Идея конкурса была единодушно поддержана самими участниками. Так, ведущий специалист отдела планирования и сопровождения учебного процесса ДАВ Майра Садыкбекова с радостью отметила, что после того, как ее труд был так высоко оценен, ей хочется работать еще лучше. ведущий специалист офис-регистратора Надежда Тен подчеркнула, что подобные конкурсы, да еще и проводимые в преддверии праздника, очень мотивируют

работников. Председатель профбюро Института информационных технологий и инновационного развития Арайлым Аубакирова сказала, что сотрудники ее первичной организации работают со всеми подразделениями университета и участие в конкурсе стало для них дополнительным стимулом. Очень приятно, что лучшими по профессии были выбраны пять представителей данного подразделения.

В завершение мероприятия, прекрасным подарком для них стал концерт, подготовленный студенческим клубом университета.

О. П. ЛОЖНИКОВА,
заместитель председателя профсоюза «Парасат» работников КазНУ

Ученые КазНУ приняли участие в казахстанско-корейском форуме «Шелковый путь»

СМАҒҰЛОВА ҚҰРАЛАЙ ҚАЙРАТҚЫЗЫ

1999 жылы Алматы қаласында дүниеге келген. Болашақта еліміздің беделді әрі бетке ұстар журналистерінің бірі болғысы келеді. Бос уақытында шығармашылықпен айналысқанды ұнатады. Көптеген байқаулар мен жыр мүшәйраларына қатысып, жүлделі орындарға ие болған.

Қазіргі таңда Құралай — ҚазҰУ-дың бейіндік мектебінің 11-сынып оқушысы.



ҚАЗАҒЫМ!

Керей менен Жәнібегім бастаған Қазақ деген шырқатылып асқақ ән, Іргетасын қалау үшін елімнің Қыр қалмаған ата-бабам баспаған.

Не тимеген? Не келмеген еліме?! Көз алартқан дұшпан көпті жеріме. Қазағымның батырлығы қанында Болмағанда қадам басу шегіне.

Ұлт болудың үлкен, алып жолында Бабам өткен қылыш-семсер қолында. Қара нардай қайыспай-ақ көтерген, Бар қазақтың мұны менен сорын да.

Батырларым өткен талай дүрілдеп, Тау суындай тасып аққан гүрілдеп. Жау әскері қаншама рет тайсалған Көрген сәтте, қос тізесі дірілдеп.

Ақындарым, жырауларым қаншама «Қазағым!» — деп жырлап кеткен тамсана. Бәрі-бәрі құрмет қылған еліне Қазақ туын желпілдетіп, жар сала!

Аз болмаған сенің дағы азабын Қасиетім, қайран жұртым, қазағым. Ал бүгінде сен — асқаксың, алыпсың Бүкіл әлем тігіп отқан назарын!

ТАРИХТЫҢ АЛТЫН ҒАСЫРЫ

Ұлы дала төсінде туын тіккен, Тамыр жайған тереңге, қазақ өлкем.

Сарыарканың қак төрінен орын алып Қазақ қалпын байырғы өркендеткен. Шежірән бар шертілер, жылдар өткен, Тармағы боп тарихтың бізге жеткен. Керей менен Жәнібек бастаған қол Қозыбасы жерінде туын тіккен.

Тарихтан өткен талай жол торабы, Еседі бейбіт күннің таң самалы. Сарғайса да тарихтың ақ парағы Ол күндер мәңгі есте сақталады.

Асқақтаған қазағым биіктерге, Бұл күндері орнықтың биік төрге. Армандаған Абылай «Асқақ елі» Айналғандай бүгінде иықты елге.

Тау мен тасың тарихынды сыр шерткен Шежірелі көне түркі құт мекен. Байтақ дала төсінде туын тіккен, Хандығына қазақтың 550 жыл екен!

МҰҚАҒАЛИҒА АРНАУ

Мен үшін ақын тумас сіздей дара, Көңілге нұр бітірген сөзбен ғана. Кеудемде бір толқыныс әлі де бар «Қайран халқым» деп жырлаған сіздей дана.

Мұқаң туған халқының да ақтай білді сенімін, Әрбір сөзі қадалды жүрегіне өзінің. Мұқағали әлемі дараланды өзгеден Әттен, бірақ халқы оның сезе алмады сезімін.

Қолда барда алтынның қадірі жоқ, Қолдан шығып кеткен соң өкіндік-ай.

Көзіңіз жұмылғаннан кейін ғана Халықтың көзі ашылып болғанын-ай!

Тағылым алар сырлар жатыр жолдарында, Терең ойлар жатыр әрбір шумағында. Өлеңімен бүкіл жанды арбап алып Нық сенімді оятады қандарында!

Бұл күнде жай бір сөздің құны бар ма? Бас игенсіп қоямыз ұлыларға... Мен сізге басымды ием, Мұқағали! Шаршаған ел, шама бар ма мұны ұғарға!

Демеймін сізден кейін сарқылды өлен Жазылар, жыр да туар алтынменен. Келесі сіздің ұрпақ біз болған соң Ағылар бұлақтай боп әсем өлен!

ЖЕЛТОҚСАН БІЗҒАРЫ

Сілкіндірген дүниені желтоқсанның ызғары, Аз көрді ме бұрымды қазағымның қыздары?

Қылышынан қан тамған «қолбинизм» заманы Қыршын кетті елімнің жас ұл-қыздары.

Аппақ дала төсінде қызыл қанға боятты, Шаштан сүйреп қыздарын, ұмытып ар мен ұятты! Көзден аққан қанды жас бостандықты қалады Жаннан шыққан айқаймен сені қазақ қиратты!

ДАРА ТҰЛҒА

Асыл жансыз, үйреткен тәрбиеге, Ұстаз — ана, қадірлі бәрімізге. Ұлылықты көтерген ұстазымыз Білім нәрін, шуағымен төгіп бізге.

Таныдың да мінезінен әр баланың, Ұштай түстің арманын, асқақ әнін. Шәкіртіңнің болашақ гүл бағының Іргетасын алдымен сен қаладың.

Білімнің қайнар көзі — ұстазым сен, Ардақтаймын, үлгі тұтам өзінді мен. Өмірдің талай белес шыңдарында Өзің берген келемін бағытпенен.

Ұстаз ғой дара тұлға бәрі үшін, Сусындатқан, сарқыған дара күшін. Болар бала, қолыңнан еш қақпастан Сені алға жетелейді соны түсін!

ҚАЗАҚСТАН – МӘҢГІЛІК ЕЛ

Мәңгілік ел жастарында асқақ арман, үміт тек, Жетелеуде парасатты даңғыл жолды үгіттеп. Бүгінгі күн — бейбітшілік кешегінің арқасы Тәуелсіздік жолындағы тарихқа көз жүгіртсек.

Керей менен Жәнібек хан тыныштықты бекемдеп, Хандық құрған жер ұйығы Жетісуды мекендеп. Қасым ханым ұлан-байтақ қазақ жерін кеңейтсе, Хан Абылайдың ынтымағын жеңе алмаған бөтен кеп.

Шешендер бар бала жастан жауды жеңген сөзбенен, Даналарым әділдік пен тура жолды көздеген. Ғұламада бізден шыққан бар әлемнің ұстазы, Әл-Фараби еңбектері ерек тұрар өзгеден.

Ақындар мен батырларға бай қазағым әуелде, Батырлардың атағынан сескенетін жау елде. Ақан сері ән салғанда, қазақ былай тұрғанда, Өзге ұлттарың тамсанушы еді құйқылжылған әуенге.

Әй, бірақта, тәуелсіздік кетіп еді бір жылдар, Қазақ деген текті халық, сонда да алға жылжу бар. Жерін сүйер алашымның еркін өскен еліне, Болмас тұсау мейлі темір-шынжырлар.

Ал бүгінде қазақ деген жалындаған жас бала, Бауырмал ел, сан алысқа жылы ұя баспана. Сарыарқада, сары далада санаулы жыл ішінде, Бой көтерді ертегідей, арман шаһар Астана.

Бейбіт елміз, адуынды елдерменен теңескен, Қазағымның даласында еркіндіктің желі ескен. Азияның кіндігінде ақ барыстай айбынды, Қазақ деген мәңгілік ел, өткен талай белестен.

ЭКСПО-да жақын қалды бас қосатын шартарап, Жаңалығын жаңғыртпақшы жастарымыз бар талап. Көк байрақты желбіретіп саңлақтар жүр әр елде. Әнұранды шарықтатып, алтындырың арқалап.

Көк туымның астындағы көк бөрінің ұрпағы, Қызы текті, есіл ері — жегіттердің сұлтаны. Қазақ елі — Мәңгілік ел, бабам қанмен қорғаған, Шуақ шашып ата берсін тәуелсіздік бұл таңы.

Роза ПАЗЫЛБЕК,
ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының тыңдаушысы

Тәуелсіздік – қазақ халқының бірнеше ғасырлар бойы көксеген арманы. Ата-бабамыз Қазақстанның еркін, тәуелсіз мемлекет болғанын қалады және де сол арманына 1991 жылдың 16 желтоқсанында қол жеткізді!

Әлем танытын елге айналдық

Өткеніміз, бүгінгіміз, болашағымыз тікелей тәуелсіздікпен байланысты. Міне, тәуелсіз ел болып, дамып жатқанымызға 24 жылдың жүзі болыпты. Неткен зулаған уақыт десенізіші. Иә, расымен де осы 24 жыл ішінде Қазақстан қаншама жетістіктерге қол жеткізді. 24 жыл бұрын енді ғана тәуелсіздігімізді алсақ, бүгінгі күнде Президентіміз Н.Ә. Назарбаев бастаған сара жолмен жүріп, болашақта «Мәңгілік елге» айналып, үлкен белестерден көрінеріміз айдан анық. Ол үшін көк туымызды биікте желбіретіп, Тәуелсіз Қазақстан Республикасының гүлденуі үшін бар күш-жігерімізді салуымыз қажет. Ата-бабамыз тәуелсіздік үшін қалай күресіп, жанын салса, мына біз, еліміздің болашағы және өскелең ұрпақ дәл солай елімізді, жерімізді қорғауға міндеттіміз. Себебі, Тәуелсіздіктің және әрдайым

дұрыс жол нұсқап отыратын Елбасымыздың арқасында әлем танытын және мойындайтын елге айналдық. Аз ғана уақыт аралығында бәсекеге қабілетті 50 ел қатарында топ жардық.

Елбасымыз өзінің Ұлытау төріндегі сұхбатында «Тәуелсіздік толғауы» жайында әрбір жас буынның жүрегіне Отанға деген сүйіспеншілік дарытқан жағдайда еліміз өркендейтінін атап көрсетті. Олай болса, біз, қазіргі жастар, еліміз бен жерімізді шын жүректен сүйіп, елімізді бұдан да биік белестерге жеткізуге міндеттіміз. Бұл біздің Отан алдындағы ең бірінші борышымыз! «Мәңгілік ел» атанып, дүние жүзінде алар орнымыз ерекше болатынына әміл сенемін!

Шұғыла ӨСТЕМІР,
қытайтану кафедрасының 2-курс студенті

Алғаш рет еңселі ғимаратты көргенде «ҚазҰУ! Шынында, ғажайып екен» деп ойладым. Құжаттарымызды тапсырып, емтиханға дайындалып жүріп, қайың-қарағайлы, ағаштары мол ауқымды аумақ-тағы «ҚазҰУ қалашығын» аралап шықтық. ҚазҰУ-дың ұнағаны сонша, әлі есімде, баспалдақтарынан көтеріліп келе жатып: «Шіркін, осында оқуға түссем ғой» деп армандайтынмын. Сол баспалдақтар білім баспалдақтарына айналып, бүгінде ҚазҰУ-дың заң факультетінде 3-курста оқып келемін.

Заң факультетіне оқуға түскен соң, жастық шақтың жалынымен бірге ҚазҰУ-дан білім нәрімен сусындап қана қоймай, әртүрлі студенттік ұйымдарда бойымдағы қабілеттерімді шындап, дамытып келемін. Қазір де заң факультетінде «Елтұтқа» және Студенттер кеңесі ұйымдарының төрайымымын. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да оқып жүріп белсенді студент атану маған көп мүмкіндіктерге жол ашты. ҚазҰУ маған өз-өзімді тануға, шыңдауға үйретті. «ҚазҰУ қалашығында» студенттің білім алуы мен жайлы өмір сүруіне қажеттінің бәрі бар. Сту-денттік өмірдің қызығын молайта түсетін «ҚазҰУ аруы», «Жігіт сұлтаны», «Студенттік көктем» сынды шаралар да көптеп ұйымдастырылып отырады.

Сексен жылдық аса бай тарихы Қазақстанның академиялық ғылымы мен жоғары мектебінің дамуы және қалыптасуымен тығыз байланысты. ҚазҰУ — еліміздің барлық жоғары білім беру жүйесінің тірегі, білікті мамандар ордасы. Университеттің мыңдаған түлектері Қазақстанның және оның аумағынан тыс жерлердегі өндірістің барлық салаларында табысты еңбек етуде. Қазақ ұлттық университеті — іргелі білім ошағы, ғылым мен мәдениеттің орталығы. Халқымыздың заңғар перзенттері қызмет еткен, талай талантты ұл-қыздарымыз шыққан қара шаңырақ. Ғылым мен қоғам қайраткерлерінің ондаған буынын тәрбиелеп шығарған алтын ұя. Осы орайда еліміздегі заңгерлерді дайындаудағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультетінің рөлін айрықша атап өтуге болады. Қазақ жеріндегі аталмыш маман иелерін дайындауда бұл білім ордасының алар орны ерекше.

Толғанай ЗАКИРОВА,
заң факультетінің 3-курс студенті,
Студенттер кеңесінің төрайымы

Шығыстану факультетінің жапон тілі оқытушылары кәсіби бағдар беру бойынша Орал мектептеріне барып қайтты

ҚазҰУ студенттері – жеңімпаз!

Жуырда Сүлеймен Демирель атындағы университетте белгілі жазушы Илияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы бойынша Алматы қаласындағы ЖОО-лар арасында интеллектуалдық олимпиада өтті. Аталмыш олимпиадаға ҚазҰУ-дың филология және әлем тілдері факультетінің «Дауылпаз» командасы қатысып, бас жүлдеге ие болды.



ұрпаққа патриоттық тағылым береді. Оның нақты көрінісі студенттердің жарыс барысындағы жігерлі жауаптары, ойлы пікірлері болды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Дауылпаз» тобының мүшелері – Жылқыбай Досхан, Тұрсынбек Башар, Берлан Шалқар, Нысанбек Сәуле, Алиев Асан, Мұхаметкерім Мұхит өздерінің терең білімдерін дәлелдеп, көрермен

көңілінің төрінен орын алды. Бүгінгі шәкірттеріміз, ертенгі түлектерге білімнің қара шаңырағы атанған ҚазҰУ-дың беделін іспен дәлелдеп, университетіміздің туын әрқашан жоғарыдан желбіртсін деген тілек білдіреміз.

Е.М. СОЛТАНАЕВА,
қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к.

ИНТЕГРАЦИЯ ВУЗОВ И АРХИВОВ

с работодателями начинается уже в рамках профориентационной работы, продолжается в организации учебно-воспитательного процесса и завершается трудоустройством выпускников.

В рамках стратегии образовательной программы, КазНУ активно сотрудничает с архивными учреждениями г. Алматы, подписаны договора для выпускников специальности «Архивоведение», «Документоведение и документационное обеспечение». Архивы в рамках своей деятельности оказывают методическую и консультативную помощь преподавателям и студентам, способствуют публикациям их работ в своих изданиях, дают им возможность пользоваться с п р а в о ч н о - и н ф о р м а ц и о н н ы м фондом отраслевой службы научно-технической информации архивного дела и документоведения. Университет и архивы практикуют проведение общих теоретико-методологических семинаров, конференций архивистов и преподавателей по актуальным проблемам специальных отраслей архивоведения и документоведения, рецензирует результаты статей, монографий, диссертаций по архивоведческой и документоведческой тематике.

Недавно кафедра всемирной истории, историографии и источниковедения

провели очередной научный семинар «Интеграция в образовательной и практической деятельности вузов и архивов». С исчерпывающим материалом о проблемах и перспективах развития архивной сферы выступила заместитель директора ЦГА РК М. Г. Жылысбаева. Руководитель отдела фондов личного происхождения Г. Ш. Рахмет озномила присутствующих с новыми поступлениями в архив фондов личного происхождения.

Многолетнее сотрудничество с архивами показывает, что эффективность взаимодействия вузов и работодателей в интересах повышения качества подготовки профессиональных кадров значительно возрастает, если вузам удается заинтересовать работодателей и привлечь их к непосредственному участию в образовательных и инновационных процессах, всемерно содействующих овладению студентами комплексом профессиональных компетенций, отвечающих требованиям современного рынка труда.

Г. А. СЕКСЕНБАЕВА,
д. и. н., доцент кафедры всемирной истории, историографии и источниковедения;
Н. К. АЛПЫСБАЕВА,
к. и. н., доцент

ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС

Бақытты өмір сүргіңіз келсе...

Бақытты өмір сүргіңіз келсе, бәрі де өз қолыңызда. Ең бастысы төмендегі қағидаларды жадыңызды ұстаңыз.

1. Күніне кем дегенде 3 адамға қуаныш сыйлаңыз.
2. Көп армандаңыз. Армандар орындалады.
3. Қуш-қуатыңызды өтірік, өсек айтуға жұмсамаңыз.
4. Өмір өте қысқа. Сондықтан өшпенділікке уақыт құртпаңыз.
5. Өз өміріңізді өзгелердің өмірімен салыстырмаңыз. Өйткені олардың басынан не өткергенін сіз көрген жоқсыз.
6. Өз өміріңізді бақытты ететін өзіңіз екенін естен шығармаңыз.
7. Ұйқыңызды қандырыңыз.
8. Көп оқыңыз. Оқыған адамның ғана ойлау қабілеті өте жоғары болады.
9. Күніне 2 литр су ішуді әдетке айналдырыңыз.
10. Өткен іске ешқашан өкінбеңіз. Бірақ болашақта қайталамаңыз.
11. Бұл өмірдегі бар байлығыңыз — отбасыңыз екенін ұмытпаңыз.
12. Өз-өзіңізді жақсы көріңіз.
13. Уақыт зымырап бара жатыр. Жақсы адамдармен араласыңыз.
14. Басыңызға қандай іс түссе де, күлімден жүріңіз.
15. Жиі жақсылық жасаңыз. Ол міндетті түрде қайтады.

Арқаны тік ұстау үшін

ДЕНЕҢІЗДІ ТІК ҰСТАҢЫЗ! ҚАЛАЙ? ОНЫҢ ЕШ ҚИЫНДЫҒЫ ЖОҚ.

Ең бастысы, ол үшін күніне бірнеше минутыңызды бөлсеңіз жеткілікті:

1. Алдымен арқаңызды кеңінен жазып жатып алыңыз. Қолыңызды желкеңізге қойып, орныңыздан көтеріліп көріңіз. 10 секунд тұрып, жаттығуды бірнеше рет қайталаңыз.
2. Орындыққа отырып, орындықтың арқасына арқаңызды тигізіңіз. Екі қолыңызды желкеңізге қойып біріктіріп, бар күшіңізбен иығыңызды түзеуге тырысыңыз.
3. Еденге ішіңізбен жатыңыз да арқаңызды алқанмен ұрыңыз. Аяғыңыз бен кеудеңізді көтеріп, 10-15 секунд осы қалыпта тұрыңыз.
4. Тік тұрыңыз да басыңызға кітап қойыңыз. Кітапты құлатып алмай 10 секунд тұрып, бөлмеде кітаппен жүріңіз.

Массажет.кз



Высшее учебное заведение обязано обеспечить гарантию качества подготовки выпускников, в том числе путем привлечения работодателей и регулярного проведения самообследования для оценки своей деятельности.

Работодатели сегодня предъявляют завышенные требования к вузам по улучшению качества подготовки выпускников. Усиление и укрепление сотрудничества вузов с предприятиями и организациями даст возможность студентам получить реальное представление о рабочей обстановке на производстве или в организации. В связи с этим, взаимодействие университета

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор м.а.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**
Тілшілер: **Рүстем АБРАЕВ, Жұлдыз ӘБІЛ**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver-gazeti@mail.ru

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды
Тел.: 2-93-09-09

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана
Тапсырыс №958

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.